

"Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру" мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 09 қарашадағы № 757 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8165 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 209 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.03.2014 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызметінің регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (Р.Р. Нұршабеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. «Компьютер жүйелерін бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін қорытынды беру» мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 84 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 3 мамырда № 6934 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік

және коммуникация вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Жұмағалиев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ыл ғы 9 қ а р а ш а д а ғы
№ 7 5 7 б ұ й р ы ғы м е н
бекітілген

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызметінің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» (бұдан әрі - Регламент) «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 тамыздағы № 1026 қаулысына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы 9-1 бабы 4-тармағына және «Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1265 Қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы (бұдан әрі - алушы) – заңды және жеке тұлға;
- 2) құрылымдық-функционалдық бірлік (ҚФБ) - мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мүдделі органдардың жауапты тұлғалары, ақпараттық жүйелері немесе олардың кіші жүйелері (бұдан әрі - ҚФБ);
- 3) бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды (б ұ д а н ә р і – к о р ы т ы н д ы) .

3. Мемлекеттік қызмет «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі

туралы қорытындылар беру» (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) Байланыс және ақпараттандыру комитет (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 651-бабының 3 - т а р м а ғ ы н а ;

2) Стандартына сәйкес көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметтің нәтижесі бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйесінің (бұдан әрі - КЖ) техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыларды немесе бас тарту себептері туралы дәлелденген жауапты жазбаша түрде беру болып табылады.

7. Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды Стандарттың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша қағаз тасығышта б е р і л е д і .

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызметті уәкілетті органмен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қызмет алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді. Жедел қызмет көрсету тәртібі көзделмеген. Заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, 14-кіреберіс, 757 кабинет, т е л е ф о н : 8 (7 1 7 2) 7 4 - 0 6 - 8 5 .

10. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы ақпарат Министрліктің www.mtc.gov.kz ақпараттық ресурсында немесе 8 (7172) 74-06-85 телефоны бойынша орналастырылған.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы немесе оның сенім хаты бойынша уәкілетті өкілі Стандарттың 11-тармағында қарастырылған құжаттарды ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында к ө р с е т і л г е н .

13. Мемлекеттік қызмет көрсетуде кері қайтару негіздері Стандарттың 11-т а р м а ғ ы н д а .

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін алушының құжаттарын қабылдау Комитеттің жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс күні ішінде бір адам жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі:

1) қажетті құжаттары мен материалдары бар ілеспе хат Комитетке жолданады ;

2) құжаттар мен материалдарды қабылдауды Комитеттің кеңсесі мына мекенжай бойынша жүзеге асырады: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 14 - кіреберіс, телефоны: (87172) 7 4 - 0 3 - 6 4 ;

3) талаптарға сәйкес келген құжаттар тіркеу мөртабанында нөмірі, күні мен парақтарының саны көрсетіліп, бақылау белгілері көрсетілумен бірыңғай электрондық құжаттар айналымы жүйесінде (бұдан әрі - БЭҚАЖ) тіркеледі. Алушы Комитеттің БЭҚАЖ тіркелген мөртаба (кіріс нөмірі, күні) қойылған өтініштің көшірмесін алады. Құжаттар пошта арқылы тапсырылған жағдайда, алушы Комитеттің ҚҚҚ-да құжаттар пакетін қарауға қабылданғандығы туралы 8(7172)74-03-64 телефоны бойынша біле алады;

4) тіркелген, тиісінше ресімделген құжаттар пакеті кейінгі сараптаманы өткізу уақыты мен орнын анықтаумен Комитеттің орындаушысына жіберіледі;

5) тиісті шешімді бекіту үшін Орталық атқарушы органға ұсыну;

6) КЖ сараптамасын ұйымдастыру бойынша іс-шараларды өткізу және сараптама қорытындысын құрастыру;

7) сәйкестік актісін жасау және қорытындыны дайындау;

8) қорытындыға қол қою ;

9) қорытындыны алушыға беру, қорытындыны беру журналында тіркейді.

16. Әр ҚФБ-нің іс-әрекетінің (рәсімдерінің) нақты орындалу мерзімі және әкімшілік қарым-қатынастары мен мәтіндік кестелік сипаттар тізбегі осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық тізбегі мен ҚФБ-нің арасындағы өзара қарым-қатынастарды бейнелейтін сызбалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (барысының, жұмыс ағынының) іс-әрекеті					
1	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	1	2	3	4

2	ҚФБ атауы	Орталық атқарушы органның ҚҚҚ қызметкері	Орталық атқарушы органның қызметкері	Сараптамалық комиссия	Орталық атқарушы органның басшысы
3	Іс-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің)атауы және олардың сипаттамасы	Сараптама өткізу үшін КЖ иелері құжаттарын қабылдау және тіркеу	Құжаттарды қарастыру және КЖ сараптамасын жүргізуді белгілеу немесе бас тарту бойынша шешімді бекіту	КЖ сараптамасы	КЖ сараптамасы қорытындыларын қарау
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Тиісті шешімді бекіту үшін Орталық атқарушы органға ұсыну	КЖ сараптамасын ұйымдастыру бойынша іс-шараларды өткізу және сараптама қорытындысын құрастыру.	Сәйкестік актісін жасау және қорытындыны дайындау.	Қорытындыға қол қою
5	Орындалу мерзімі	15 минут	күнтізбелік 5 күн	күнтізбелік 23 күн	күнтізбелік 2 күн

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық тізбегі мен ҚФБ-нің арасындағы өзара қарым-қатынастарды бейнелейтін сызбалар

